

Жер қатынастары саласындағы кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 707 қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы № 95 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 наурызда № 5767 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облысының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кейбір бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулылары мен Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдеріне осы бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің қосымшасына сәйкес тізбе бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 11-сессиясының төрағасы
Қызылорда облыстық мәслихаты хатшысы

Қ. Көшербаев
И. Шағыртаев
Н. Байқадамов

Бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы " 15 " ақпан № 707 қаулысына
және Қызылорда облыстық мәслихатының
2017 жылғы " 15 " ақпан № 95 шешіміне
1-қосымша

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулылары және Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдерінің тізбесі

1. "Жер учаскелерінің жеке меншікте болуы мүмкін шекті (ең жоғары) мөлшері, суармалы жерлердегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері туралы" бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2003 жылғы 27 тамыздағы № 600 қаулысында және Қызылорда облыстық мәслихатының 2003 жылғы 27 тамыздағы № 226 шешімінде (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3465 нөмірімен тіркелген, 2003 жылғы 2 қыркүйекте "Сыр бойы" мен "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған):

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің 1 және 2-қосымшалары келесі мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: "Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлығына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне жеке меншік құқығын беруге 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін мораторий жарияланды."

2. "Қызылорда облысындағы меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 633 қаулысында және Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 2 шілдедегі № 203 шешімінде (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4731 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 24 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасы келесі мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: "Жер заңнамасының кейбір нормаларын қолдануға мораторий енгізу туралы" ҚР Президентінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 248 Жарлығына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне жеке меншік құқығын беруге 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін мораторий жарияланды."

3. "Қызылорда облысының аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақысының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 667 қаулысында және Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы № 65 шешімінде (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4384 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 19 қаңтардағы "Сыр бойы" мен "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланған):

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің 1-тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қызылорда облысының аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары 1 (бір) шаршы метрге осы бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің қосымшасына сәйкес белгіленсін.";

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің 2-тармағы алынып тасталсын;

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің 3-тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Осы бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің қосымшасы осы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулылары және Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдері тізбесінің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулылары және Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдерінің тізбесіне қосымша

Бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы "6" желтоқсандағы № 667 қаулысына

және Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы "6" желтоқсандағы № 65 шешіміне қосымша

Қызылорда облысының аудандық маңызы бар қалаларда, кенттер мен ауылдық елді мекендерде жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

№	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің атауы	1 (бір) шаршы метрге төлемақының базалық ставкалары, теңге
1	2	3
1. Қызылорда қаласы бойынша:		
1)	Тасбөгет кенті	400
2)	Иіркөл ауылы	75
3)	Белкөл кенті	250
4)	Бірқазан ауылы	75
5)	Ақжарма ауылы	95
6)	Қалғандария ауылы	95
7)	Құбас ауылы	95
8)	Талдыарал ауылы	95
9)	Махамбетов ауылы	115

10)	Абай ауылы	115
11)	Досан ауылы	115
12)	Қарауылтөбе ауылы	115
13)	Қызылжарма ауылы	115
14)	Байқадам ауылы	115
15)	Қараөзек ауылы	75
16)	Айнакөл ауылы	75
17)	Талсуат ауылы	95
18)	Геологов ауылы	95
2. Арал ауданы бойынша:		
19)	Арал қаласы	480
20)	Сексеуіл кенті	185
21)	Жақсықылыш кенті	135
22)	Ақбай ауылы	95
23)	Жінішкеқұм ауылы	95
24)	Атанши ауылы	95
25)	Аманөткел ауылы	95
26)	Аққұлақ ауылы	95
27)	Ақшатау ауылы	95
28)	Хан ауылы	95
29)	Мойнақ ауылы	75
30)	Бөген ауылы	95
31)	Көне Бөген ауылы	95
32)	Қарашалаң ауылы	95
33)	Жаңақұрылыс ауылы	95
34)	Бекбауыл ауылы	95
35)	Құмбазар ауылы	95
36)	Қамыстыбас ауылы	95
37)	Тоқабай ауылы	95
38)	Абай ауылы	95
39)	Ерімбетжаға ауылы	95
40)	Көкаша ауылы	95
41)	Қаратерең ауылы	95
42)	Көлжаға ауылы	95
43)	Жаңақоныс ауылы	95
44)	Тастақ ауылы	95
45)	Қосаман ауылы	95
46)	Ақеспе ауылы	95
47)	Бердікөл ауылы	95
48)	Ақбасты ауылы	75
49)	Құланды ауылы	75
50)	Қосжар ауылы	95

51)	Райым ауылы	95
52)	Водокачка ауылы	95
53)	Ескіұра ауылы	95
54)	Жалаңаш ауылы	115
55)	Тастүбек ауылы	95
56)	Шижаға ауылы	115
57)	Күршек ауылы	115
58)	Қызылжар ауылы	95
59)	Шөмішкөл ауылы	95
60)	Сазды ауылы	95
61)	Куландинский конный завод ауылы	115
62)	Көктем ауылы	115
3. Қазалы ауданы бойынша:		
63)	Қазалы қаласы	180
64)	Әйтеке би кенті	240
65)	Майдакөл ауылы	95
66)	Түктібаев ауылы	95
67)	Қожабақы ауылы	75
68)	Аранды ауылы	75
69)	Басықара ауылы	115
70)	Жанқожа батыр ауылы	115
71)	Бозкөл ауылы	95
72)	Бірлік ауылы	115
73)	Жалаңтөс батыр ауылы	115
74)	Водокачка ауылы	95
75)	Үйрек ауылы	95
76)	Ақтан батыр ауылы	115
77)	Пірімов ауылы	115
78)	Қожақазған ауылы	75
79)	Мәдениет ауылы	95
80)	Тапа ауылы	75
81)	Кәукей ауылы	95
82)	Ажар ауылы	75
83)	Бекарыстан би ауылы	95
84)	Ақсуат ауылы	95
85)	Майлыбас ауылы	115
86)	Байқожа ауылы	95
87)	Бірлік ауылы	95
88)	Мұратбаев ауылы	115
89)	Өркендеу ауылы	115
90)	Сарыбұлақ ауылы	75

91)	Сортөбек ауылы	75
92)	Абай ауылы	115
93)	Жұбан ауылы	95
94)	Тасарық ауылы	95
95)	Лақалы ауылы	95
96)	Отгон ауылы	95
97)	Шәкен ауылы	75
98)	Шилі ауылы	75
99)	Шөлқұм ауылы	75
4. Қармақшы ауданы бойынша:		
100)	Жосалы кенті	230
101)	Төретам кенті	195
102)	Кемесалған ауылы	95
103)	Ордазы ауылы	115
104)	Шошқакөл ауылы	115
105)	Төребай би ауылы	95
106)	Ақай ауылы	95
107)	Ақжар ауылы	95
108)	Таңшапағы ауылы	95
109)	Ақтөбе ауылы	95
110)	Алдашбай ахун ауылы	95
111)	Тұрмағанбет ауылы	95
112)	Дұр Оңғар ауылы	115
113)	Смаилтамы ауылы	115
114)	Шалқар ауылы	115
115)	Иіркөл ауылы	115
116)	Көмекбаев ауылы	75
117)	Кекірелі ауылы	75
118)	Шобанқазған ауылы	75
119)	Абыла ауылы	115
120)	Анакөл ауылы	115
121)	Қызылтам ауылы	115
122)	Қуаңдария ауылы	75
123)	Тұрғантамы ауылы	75
124)	III Интернационал ауылы	115
125)	Бірлік ауылы	115
5. Жалағаш ауданы бойынша:		
126)	Жалағаш кенті	200
127)	Аққұм ауылы	115
128)	Аққыр ауылы	75
129)	Ақсу ауылы	115
130)	Аламесек ауылы	95

131)	Бұхарбай батыр ауылы	115
132)	Еңбек ауылы	115
133)	Жаңадария ауылы	75
134)	Қаракеткен ауылы	95
135)	Далдабай ауылы	95
136)	Жаңаталап ауылы	95
137)	Т.Жүргенов ауылы	95
138)	Мәдениет ауылы	95
139)	Мырзабай ахун ауылы	95
140)	Таң ауылы	115
141)	Жаңақоныс ауылы	115
142)	Шәменов ауылы	115
6. Сырдария ауданы бойынша:		
143)	Тереңөзек кенті	220
144)	Айдарлы ауылы	95
145)	Ақжарма ауылы	115
146)	Амангелді ауылы	95
147)	Бесарық ауылы	95
148)	Жетікөл ауылы	95
149)	Н. Ілиясов ауылы	115
150)	Қалжан ахун ауылы	115
151)	Қоғалыкөл ауылы	95
152)	С. Сейфуллин ауылы	115
153)	А. Токмағанбетов ауылы	115
154)	Шаған ауылы	115
155)	Шіркейлі ауылы	115
156)	Іңкәрдария ауылы	75
7. Шиелі ауданы бойынша:		
157)	Шиелі кенті	230
158)	Ақмая ауылы	115
159)	Полуказарма ауылы	115
160)	Досбол би ауылы	115
161)	Алмалы ауылы	115
162)	Лесхоз ауылы	115
163)	Бәйгеқұм ауылы	95
164)	Бестам ауылы	115
165)	Бидайкөл ауылы	115
166)	Ақтам ауылы	115
167)	Байсын ауылы	115
168)	Еңбекші ауылы	115
169)	Қосүйеңкі ауылы	95

170)	Жиделіарық ауылы	115
171)	Жөлек ауылы	95
172)	Жуантөбе ауылы	75
173)	Алғабас ауылы	115
174)	Ы. Жахаев ауылы	115
175)	Жансейіт ауылы	115
176)	Бекежанов ауылы	115
177)	Бұланбай бауы ауылы	75
178)	Майлытоғай ауылы	95
179)	Сұлтөбе ауылы	95
180)	Бірлестік ауылы	95
181)	1 Мамыр ауылы	95
182)	Ботабай ауылы	75
183)	Бала би ауылы	95
184)	Тартоғай ауылы	95
185)	Кирпичный завод ауылы	95
186)	ферма 2 ауылы	95
187)	Ә. Тәжібаев ауылы	115
188)	Ш. Қодаманов ауылы	115
189)	Ортақшыл ауылы	95
190)	Қызылқайын ауылы	75
8. Жаңақорған ауданы бойынша:		
191)	Жаңақорған кенті	230
192)	Шалқия кенті	105
193)	Ақжол ауылы	115
194)	Түгіскен ауылы	95
195)	Бірлік ауылы	115
196)	Байкенже ауылы	115
197)	Билібай ауылы	95
198)	Бесарық ауылы	95
199)	Кеңес ауылы	95
200)	Апанқақ ауылы	75
201)	Екпінді ауылы	95
202)	Жайылма ауылы	115
203)	Жаңарық ауылы	115
204)	Кейден ауылы	115
205)	Аққұм ауылы	95
206)	Қауық ауылы	95
207)	Келінтөбе ауылы	95
208)	Көктөбе ауылы	75
209)	Қандөз ауылы	75
210)	Қалғансыр ауылы	75

211)	Қашқанкөл ауылы	75
212)	Қаратөбе ауылы	75
213)	Қожамберді ауылы	115
214)	Қожакент ауылы	115
215)	Қосүйеңкі ауылы	95
216)	Әбдіғаппар ауылы	115
217)	Қыраш ауылы	115
218)	Өзгент ауылы	115
219)	Ақсуат ауылы	115
220)	Сунақата ауылы	115
221)	Еңбек ауылы	95
222)	Тақыркөл ауылы	115
223)	Бесарық ауылы	95
224)	Төменарық ауылы	115
225)	Құттықожа ауылы	95
226)	Манап ауылы	95

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК